

**Ақтөбе облыстық мәслихатының
Ш Е Ш І М І**

Ақтөбе қаласы

№556

2020 жылғы 10 тамыз

**Ақтөбе облыстық мәслихатының тарихи-мәдени мұра мәселелері
бойынша кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6 және 7-баптарына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі «Құқықтық актілер туралы» Заңының 27-бабына сәйкес, Ақтөбе облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес Ақтөбе облыстық мәслихатының тарихи-мәдени мұра мәселелері бойынша кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Облыстық мәслихаттың
сессия төрағасы**

**Облыстық
мәслихаттың хатшысы**

Т. ТАЛАЕВА

С. ҚАЛДЫҒҰЛОВА

**Ақтөбе облыстық мәслихатының тарихи-мәдени мұра мәселелері
бойынша күші жойылған шешімдерінің тізбесі**

1. Облыстық мәслихаттың 2013 жылғы 17 сәуірдегі №115 «Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау аймақтары, құрылыс салуды реттеу аймақтары мен қорғалатын табиғат ландшафты аймақтары туралы» (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №3575 тіркелген, 2013 жылғы 16 мамырда «Ақтөбе» және «Актюбинский вестник» газеттерінде жарияланған) шешімі;

2. Облыстық мәслихаттың 2015 жылғы 27 мамырдағы №310 «Есет батыр Көкіұлының (1667-1749) мавзолей-кешені - тарихи-мәдени мұра объектісінің қорғау аймағы, құрылыс салуды реттеу аймағы мен қорғалатын табиғат ландшафты аймағы туралы» (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №4396 тіркелген, 2015 жылғы 3 шілдеде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) шешімі;

3. Облыстық мәслихаттың 2015 жылғы 27 мамырдағы №311 «Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау аймақтары, құрылыс салуды реттеу аймақтары мен қорғалатын табиғат ландшафты аймақтары туралы» облыстық мәслихаттың 2013 жылғы 17 сәуірдегі №115 шешіміне өзгеріс енгізу туралы» (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №4397 тіркелген, 2015 жылғы 3 шілдеде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) шешімі;

4. Облыстық мәслихаттың 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №352 «Тарихи-мәдени мұра объектілерінің қорғау аймақтары, құрылыс салуды реттеу аймақтары және қорғалатын табиғат ландшафты аймақтарын бекіту туралы» (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №4690 тіркелген, 2016 жылғы 29 қаңтарда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) шешімі;

5. Облыстық мәслихаттың 2016 жылғы 12 желтоқсандағы №80 «Ақтөбе облысы Қарғалы ауданының тарихи-мәдени мұра объектілерінің қорғау аймақтарының, құрылыс салуды реттеу аймақтары мен қорғалатын табиғат ландшафты аймақтарының шекараларын бекіту туралы» (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №5238 тіркелген, 2017 жылғы 1 ақпанда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкінде электрондық нұсқада жарияланған) шешімі;

6. Облыстық мәслихаттың 2017 жылғы 8 желтоқсандағы №228 «Ақтөбе облысы Қарғалы ауданының тарихи-мәдени мұра объектілерінің қорғау аймақтарының, құрылыс салуды реттеу аймақтары мен қорғалатын табиғат

ландшафты аймақтарының шекараларын бекіту туралы» (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №5792 тіркелген, 2018 жылғы 12 қаңтарда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкінде электрондық нұсқада жарияланған) шешімі;

7. Облыстық мәслихаттың 2018 жылғы 10 желтоқсандағы №358 «Ақтөбе облысы Мәртөк ауданының тарихи-мәдени мұра объектілерінің қорғау аймақтарының, құрылыс салуды реттеу аймақтары мен қорғалатын табиғат ландшафты аймақтарының шекараларын бекіту туралы» (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №5964 тіркелген, 2018 жылғы 27 желтоқсанда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкінде электрондық нұсқада жарияланған) шешімі.